

Ресми рецензент педагогика ғылымдарының кандидаты, доценты Мейрамова Салтанат Акимовна 6D011900 – «Шет тілі: екі шет тілі» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындалған Халел Агнурдың «Болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың ғылыми-әдістемелік негіздері» атты диссертациясы туралы жазбаша пікірі

	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	Диссертация Тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/ немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1.2 Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарламалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұраныстарымен) байланысы:</p>	<p>Сәйкес рецензенттің ұстаным бағыты.</p> <p>Қазіргі қоғам сұранысына сай дипломатиялық қарым-қатынастар дамып тұрған дәуірде дипломатиялық дискурсты зерттеу бойынша зерттеу жұмыстары жеткіліксіз. Еліміздегі қоғам болмысының өзгеруі мен дипломатиялық қарым-қатынастың жаһандану үрдісіне енуі дипломатиялық жаңа бағыттың кемелденуіне алып келді. Мәдениетаралық коммуникативтік қайта құрулар мен жаңа қатынастар орын алған жаңа Қазақстанда мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты шеттілдік білім беру барысында қалыптастыру кешенді зерттеу жұмыстарын керек етеді. Осы тұрғыдан қарағанда, зерттеу жұмысының маңыздылығы мәдениетаралық коммуникативтік субъектісі болашақ дипломаттардың мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын шеттілдік білім беру аясында құнды зерттеу болып отыр. Оның себебі, болашақ дипломат мамандарының мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын ғылыми-әдістемелік тұрғыдан зерделеу жұмыстың қоғам сұранысына сай келіп тұрғандығының дәлелі. Сондықтан, зерттеу жұмысының өзектілігі жоғары, маңыздылығы қоғам сұранысына сай деп атауға толық мүмкіндіктер бар.</p>

			Осыған орай қарастырылып отырған диссертацияның теориялық маңыздылығы мен әдістемелік бағытында үлесін қосады деп сенуге болады.
2	2. Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	<p>Зерттеуші ұсынып отырған тұжырымдамалар мен нәтижелерді саралап көрсек, нәтижелер «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» 9, 10 тармақтарында сай келеді. Зерттеу нәтижелері бойынша бес негізгі нәтижелер зерттеу мазмұнына сай анықталған:</p> <p>Докторлық диссертацияда болашақ дипломат мамандардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын ғылыми-теориялық зерттеу жасалған. Зерттеу талаптарына сай мәдениетаралық қарым-қатынас мәселелері қарастырған отандық, ресейлік зерттеулерді негізге алған. Тақырып аясында С.Г. Тер-Минасова, И.И. Халеева, С.С. Құнанбаева, және басқалар диссертацияның теориялық, әдіснамалық негізін жазуға көмек болған. Сондай-ақ, шетелдік Дженс Оллвуд, Клаудиа Боргетти, Роберто Аванг-Мьер, Айша Дарем, Лиза Флорес, С. Лили Мендоза, Джойс Осланд, Дамиен Смит, Джордан Солиз сынды ғалымдардың еңбектеріндегі тұжырымдар мен дәлелдер негізге алынған.</p> <p>Диссертацияның нәтижесі болашақ дипломат мамандардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастыру бағытына құрылған. Дипломат мамандарды кәсіби оқытуда шеттілдік білім берудің әдістемелік мазмұны анықталған. Осы бағытта кешенді талдау жұмыстары өз нәтижесін бергендігі ұсынылған бағыттар мен дипломаттық шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың әдістемелік мазмұны анықтай түседі.</p> <p>Келесі нәтиже диссертацияның негізгі міндетіне сай дипломат мамандарды даярлау негізіндегі шеттілдік</p>

			<p>мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың моделі ұсынылған.</p> <p>Шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дипломаттық дискурсты қалыптастыру моделі тәжірбиелік-практикалық жұмыстар нәтижелерімен, интегративтік технологияларды пайдалана отырып кешенді жаттығулар мен тапсырмалар орындалуын қамтамасыз етті.</p> <p>Келесі нәтиже тәжірбиелік- эксперименттік жұмыстар нәтижесіне сүйене отырып дәлелденді. Тәжірбиелік- эксперимент жұмыстарының базасы Алматы қаласындағы әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті (ҚазҰУ) студенттерімен орындалды. Болашақ дипломат мамандардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың тиімділігін анықтауға құрылған тәжірбиелік-эксперимент жұмыстары оң нәтижесін берді. Анықталған нәтижелер диссертацияның практикалық бөлімінде жүйелі түрде ұсынылған.</p>
3	3. Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған. 	<p>Зерттеушінің ұсынған тұжырымдары мен қорытындылары зерттеудің жаңалық дәрежесіне сай келтірген. Болашақ дипломат мамандардың шеттілдік білім беру барысында мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың тиімділігі теориялық-әдіснамалық тұрғыдан және тәжірбиелік-эксперимент жұмыстары арқылы дәлелденді. Зерттеудің жаңалық дәрежесі мен тұжырымдары зерттеу тақырыбына сай орындалған.</p>
4	4. Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. 	<p>Докторлық диссертация құрылымына кіріспе, үш тарау, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен қосымшалар кіреді. Зерттеудің ішкі бірлігі оның жүйелі құрылымымен сипаты алған.</p>

Диссертациялық жұмыстың **бірінші** тарауы «Болашақ дипломаттардың шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудың ғылыми-теориялық негіздері» деп аталады. Бұл теориялық тарауда болашақ дипломат мамандарды даярлаудағы мәдениетаралық коммуникативтік дискурстың мәні мен мазмұны сипатталды. Тарауда жетекші ғалымдар мен әдіскерлердің зерттеу еңбектері сараланды. Болашақ маманның шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын қалыптастырудағы дипломаттық кәсіби оқыту ерекшеліктері анықтаған.

Диссертациялық жұмыстың **екінші** «Болашақ дипломаттардың мәдениетаралық коммуникативтік дискурсын шеттілдік білім беру барысында қалыптастырудың әдістемесі» деп аталатын тарауында әдістемелік мазмұнда сипат алды. Бұл тарауда болашақ дипломат мамандар бойынша мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты қалыптастырудың моделі ұсынылды. Кешенді әдістемелік тапсырмалар жиынтығы мен оқу-әдістемелік бағдарламасы құрастырған. (түрік тілінде)

Диссертацияның **үшінші** «Дипломатиялық мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты қалыптастырудағы тәжірбиелік-эксперименттік жұмыс» деген тақырыптағы тарауда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Халықаралық қатынастар» мамандығының жоғары курс студенттерімен тәжірбиелік-эксперименттік жұмыс кәсіби шетел тілін оқыту барысында орындалды. Сабақтар оқыту бағдарламасы бойынша жүргізіліп болашақ дипломат мамандар бойында шеттілдік мәдениетаралық коммуникативтік дискурсты қалыптастырудың нәтижелерін анықтаған.

